

Аялаймын сені, Қызылорда!



# Ақмешіт

2 сәуір  
сейсенбі  
№26 (2036)  
2024 жыл

## апталығы

Газет  
1994 жылдың 15 сәуірінен  
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-  
ақпараттық тарихи-танымдық газет •  
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru



Жуырда Өзбекстан тарапы Самарқан билеушісі Жалантөс бағадүр туралы фильм түсіргені белгілі. Кино әлі жарыққа шықпаса да ай басында фильм трейлері интернет ресурстарды шарлады. Сол-ақ екен, отандық тарихшылар мен белсенділер ондағы көркем шындыққа келіспейтінін жеткізіп, әлеуметтік желіде талас басталған-ды. Басты сын – тұлғаның ұлтына қатысты мәлімет. Желі қолданушылары Өзбекстан батыр бабаны қазақтан алшақтату арқылы тек өзінің тұлғасы етіп көрсетуге тырысқан деген өкпе айтуда. Осы орайда белгілі түркітанушы ғалым Серікбай Қосановпен сұхбаттасып, Жалантөс бағадүр туралы тарихи шындық, өзбектердің саяси көзқарасы, қазақ қоғамының реакциясы төңірегінде сауал қоюдың сәті түсті.

– Серікбай Қылышбайұлы, желіден байқаған боларсыз, Жалантөс батыр туралы түсірілген көркем фильм қызу талас тудырды. Тарихшы ретінде ала шапанды ағайынның Жалантөсті меншіктеуі қаншалықты әділ деп санайсыз? Қазақ қоғамының өкпесі орынды ма?

– Әлбетте, өзбек киногерлері «Эмир Ялантуш бағадүр» көркем фильмін түсіргеннен хабардармын. Осыған байланысты әдеттегідей әлеуметтік желі беттерінде түрлі пікір жарияланып жатқанын білемін. Пікірталас барысында оқығандар ғана емес, қарапайым қазақ оқырмандары да көз-қарастарын білдіруге белсенділік танытуда. Бұл жағдайға түсіністікпен қараймын.

Сауалға жауапты әріден бастаған екен. Себебі Орталық Азияда қошбасшы саналатын екі халықтың тілі мен діні ғана емес, ежелгі тарихы да біте қайнасақ. Түркі қағанатын айтпағанда, орта ғасырлардан бергі замандарда бір аймақта – Сыр мен Өму арасын қыстап, Арал мен Каспий теңізі төңірегінде Арқа даласына дейін киыр көшіп-ен жайлаған қарлұқ, оғыз, қыпшақ, алшын ұлыстарының өткен дәуіріндегі тарихында енді алыспаған тұстары көп. Қазақ халқының «Өзбек – өз ағам, сарт – садағам» дейтін мәтелінің астарында терең мән бар сияқты.

Мәселен, XVI ғасырда Алтын Орда мемлекетін билеген Өзбек хан кезінде де, XV ғасырдағы көшпелі Өзбек ұлысын меңгерген Дәлгі-Қыпшақтың тақ иесі Әбілхайыр хан тұсында да әлі ұлт ретінде ұйыса қоймаған түркі тайпаларын көреміз. Сол дәуірде жоғарыда аталған мемлекет құрамындағы әр алуан ру-тайпалар өздерін билеген хандықтардың атауын қанағат тұтты. Кейін, Әбілхайыр хан құзырынан бас тартып, бөліне көшкен ұлыс өкілдері Керей немесе Жәнібек қазақтары деп аталып жүрді. Кейбір көне тарихи кітапта оларды «өзбек-қазақтар» деп те жазғаны мәлім. Осы дүрбелен кезеңде екіге бөлінген халықтың қоныстары да қоңсы болды. Қазақтар басында Моғолстан төңірегінде Орда тіксінімен, көп ұзамай атамекен жерлеріне оралып, үйреншікті Сыр бойы қалаларын астана ретінде таңдады. Желінен шайбан әулетінің хандарына ерген рулар Маураенарға бет алып, ондағы Ақсақ Темір билігін күшпен ығыстырды да, Самарқан тағын иеленді.

3-БЕТТЕ

### СУ ТАСҚЫНЫ



## СУ ТАСҚЫНЫ: СЫННАН САБАҚ АЛДЫҚ ПА?



Жұртшылық жарғақ құлағы жастыққа тимей, еліміздің су алған аймақтарындағы хабарды тұрақты көріп отыр. Ауылдағы малмен жан бағып отырғандардың шығарға жаны бөлек. Жалғыз баспанасын су басып, барар жер, басар тау таппай отырғандардың бәрі – бір қазақтың баласы. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жағдайға байланысты жауаптылардың басын қосып, шұғыл кеңес өткізді. Себебі пен салдарға үніліп, ендігі қадамды сарапқа салған жиында көп нәрсе айтылды. Әйтсе де елдегілер жиында тосып отырған жоқ, дереу жер-жерден штабтар құрылып, гуманитарлық көмек қабылдау пункттері ашылуда.

Құлтөбенің басындағы күндегі жинға келмейді, бұл жолғы басқосу мүлдем бөлек. Мемлекет басшысына аймақтардағы қазіргі қалыптасқан ахуал туралы, атап айтқанда, адамдарды құтқару және су тасқынының салдарын жою үшін қабылданып жатқан шаралар жөнінде баяндалды. Ал Президент өз кезегінде Үкімет пен әкімдердің жұмысын немісқарайлы және кәсіби міндетіне сәйкес келмейді деп сынға алды. Үкімет пен жергілікті атқарушы органдардың арасында жүйелі байланыс болмағанын баса айтқан Қасым-Жомарт Тоқаев зардап шеккен өңірлер тұрғындарына үлкен көлемде шығын келуіне байланысты өкініш білдірді. Мемлекет басшысы қалыптасқан жағдайға байланысты кешірім сұрап,

барлық азаматқа көмек көрсетілетінін айтты. Президент су тасқынына қарсы уақытылы шара қабылдамағаны үшін Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Роман Склярға, Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітовке қатаң сөгіс, Ақтөбе, Қостанай, Батыс Қазақстан облыстарының әкімдеріне қызметтік міндеттеріне толық сай келмеуіне байланысты ескерту берді. Ал Атырау, Ақмола, Алматы, Павлодар және Абай облыстарының әкімдеріне қатаң сөгіс жарияланды. Үкімет басшысының бірінші орынбасары Роман Скляр сөгіс арқалап қана қоймай, қызметтен кетті. Бұл қызметке Қанат Бозымбаев тағайындалды.

2-БЕТТЕ

Қала әкімі Серік Қожаниязов қалалық қоғамдық кеңес мүшелері алдында өткен жылы атқарылған жұмыстар мен алдағы міндеттер турасында есеп берді. Алдымен шаһар басшысы көпшіліктің көкейіндегі мәселені қозғап, елдің мүддесін қорғап, халықтың мұн-мұқтажын құзырлы орындарға жеткізуде қоғамдық кеңестің ролі зор екенін атап өтті.

– Әр саланың өкілдерінен құралған бұл белсенді ұйым – билік пен азаматтық қоғамды байланыстырушы буын, алтын көпір. Қоғамдық кеңес мүшелерінің көтерген әрбір мәселесі – тұрғындарымыздың талап-тілегі, үні, – деді Серік Салауатұлы. Жиында қала әкімі өткен жылы атқарылған жұмыс барысына, ауқымды жобалардың жайына тоқталды.

## БИЫЛ 92 ЖОБА ЖҮЗЕГЕ АСАДЫ



### ҚАЛАҒА ЫСТЫҚ СУ ҚАШАН КЕЛЕДІ?

Өткен жыл қала үшін толайым табыстарға толы болды. Осы орайда қала басшысы былтырғы атқарылған жұмыс барысын баян етті.

– Экономикамыз еселеп артып, барлық салада өнімді өсімдерге қол жеткіздік. Бұл – бірлік пен тынымсыз тірліктің нәтижесі. Яғни өңдеуші өнеркәсіп көлемі – 5,6, ауыл шаруашылығының жалпы өнімі – 8, инвестициялар тарту – 18,2, құрылыс жұмысының көлемі – 6,8, пайдалануға берілген тұрғын үйлердің көлемі – 23,3, сауда көлемі – 3,9 пайызға артты.

Ал бюджетіміз 96 млрд теңгеден асты. Бұл 2022 жылмен салыстырғанда 31 пайызға өскендігін көрсетті, – деді қала әкімі.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өткен жылдың қазан айында өңірімізге жұмыс сапарында қала дамуына оң бағасын беріп, бірқатар тапсырма жүктегені белгілі. Оның ең өзектісі – қаланы ыстық сумен қамтамасыз ету. Мемлекет басшысының қолдауымен алдағы үш жыл ішінде кезек-кезеңімен тұрғын үйлерге ыстық су беріледі. Қазір бұл жұмыстар жоспарға сәйкес жүруде.

2-БЕТТЕ

## АЖЫРАСҚАҢДАР НЕГЕ КӨБЕЙДІ?

Мұсылман халқы арасында қазақ көшпелі тұрмыс кешсе де ата-баба салтын қатаң сақтаумен ерекшеленген ұлт қатарында. Ұлттың ұстанымында некеге тұру, отбасын құру, ерлі-зайыптылардың ортақ шаңырақ көтеруі қасиетті үрдіс саналған. Дала заңын өмір сүру дағдысына айналдырған халқымыз некеге тұрып жана өмір бастаған жастарға тәлім-тәрбие мен ұлағат ұстынын зердесіне терең сіңірген. Ұлттық тәрбиеге ұйыған жұрттымызда ажырасуды намыс санап, өз ұясын бұзғандарға кешірім бермеген. Жат жұртқа ұзатылып, күйеуге шыққан қызды шиден тысқары етіп, тұнғыш перзентін босанғанша туған үйіне төркіндетпеген. Сол қазақы қағида тектілікке бастаған. Тіпті өз ұлтымыз арасында өнегелі үрдіс қалыптастырған.

Тектілігі сондай, қазақ өз перзенттерін өзге ұлт өкілдерімен некелестірмеген. Сол қағиданың алтын тінін үзіп алған қазіргі қоғамда ажырасу көз ілеспес жылдамдықпен көбейіп жатыр. Тіпті өткір мәселеге айналып отыр деуге болады.

4-БЕТТЕ



Өткен жексенбіде Қызылорда өңірінде шығып қалған мәслихат депутатының орнына сайлау өтті.

## МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫ САЙЛАНДЫ

Қызылорда облысының аумақтық сайлау комиссиясының мәліметіне сүйенсек, сайлау тек №15, №14, №1 округте ғана, яғни облыстық мәслихат пен Арал, Жанақорған аудандық мәслихаты депутатын таңдау үшін өтті. Айта кетейік, 3 округ бойынша 37 мыңнан аса сайлаушы дауыс беруге құқығы бар.

Сайлау науқанында халық белсенді түрде қатысып, өз таңдауын жасады. Таңсәріден дауыс беруге асыққан азаматтардың ішінде алғаш рет дауыс берген жастар да бар. Олардың ішінде бірінші рет бюллетень алғандары да кездесті. Солардың бірі – қала тұрғыны Ботагөз Болатқызы. Ол №101 мектеп-лицейде орналасқан учаскеге келіп, таңдауын жасады.

– Біздің отбасы мемлекет үшін маңызды саяси нақандардан ешқашан қалған емес. Бұрын ата-анам барып, өз таңдауларын жасаса, енді, міне, өзім де алғаш рет сайлаушы ретінде дауыс беруге мүмкіндік алдым. Негізінен дауыс беру – үлкен жауапкершілік. Себебі өзіміз тұратын өлкеңіз дамуы, оның болашағы ең алдымен өзімізге керек. Ал сол аумақтағы мәселенің уақытылы билік өкілдеріне жетуіне депутаттар дәнекер болады. Осы орайда өзім тіркелген учаскеге барып, таңдауымды жасадым, – дейді жас сайлаушы Ботагөз Болатқызы.

Дауыс беру күні қала және аудандарда барлығы 27 сайлау учаскесі жұмыс істеді. Кешкі сағат 20.00-де учаскелерде дауыс беру аяқталды. Комиссия мүшелері заң талабына сәйкес дауыстарды санау процесіне кірісті. Сайлау процесін байқаушылар мен кандидаттың сенім білдірген адамы бақылады.

Жалпы 3 округ бойынша 211 азамат үйден дауыс беріп, өз таңдауларын жасады. Оларға комиссия мүшелері тасымалданатын жәшіктерді апарып, дауыс беруді ұйымдастырды. Айта кету керек, сайлауда 3 округте 10 азамат кандидат ретінде үміткер болды. Олардың 9-ы өзін-өзі ұсыну тәртібі бойынша, 1-і саяси партия атынан сайлауға түсті.



Сайлау қорытындысына келсек, «AMANAT» партиясынан ұсынылған Гүлшат Мұсаева №15 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша облыстық мәслихат депутатына сайланды. Ал өзін-өзі ұсынған үміткерлердің бірі Болатбек Әліпов №14 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Арал аудандық, ал Азатбек Юнусов №1 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Жанақорған аудандық мәслихаттың депутаты болды.

Ақтоқын НҰР.ПЫБАЙ

Сурет облыстық сайлау комиссиясынан алынды

# БИЫЛ 92 ЖОБА ЖҮЗЕГЕ АСАДЫ

## ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАРҚЫНДЫ

– Құрылыс – экономиканың негізгі драйвері десек, бұл тұрғыда Сырдың бас шаһары құрылыс қарқыны бойынша республикада алдыңғы орындардан көрінді. Алып құрылыс алаңына айналған Қызылорда заманауи келбетін қалыптастырып, сәулетіне көрік қосты. Сонымен қатар ең таза калалар көшін бастап, көрсеткіштерімізге серпін берді.

Жыл көлемінде бюджеттің барлық қаржы көздерінен және жеке инвесторлар арқылы 355,8 млрд теңгенің жобасы сәтті басталып, 113 млрд теңге игерілді. Тұрғын үй құрылысын дамытуға қаржыландырудың барлық көздерінен 22,8 млрд теңгеге 2424 пәтерді құрайтын көпқабатты 39 тұрғын үй бой көтерді. Өткен жылы 1486 пәтерді құрайтын көпқабатты 23 тұрғын үй пайдалануға берілді, – деді С.Кожаниязов.

## БІЛІМ САЛАСЫНДА БІТКЕН ІС КӨП

– Сол жағалаудан құны 2,4 млрд теңгені құрайтын «Оқушылар сарайы» және құны 7,9 млрд теңге болатын 300 орынға арналған жатақханасы бар 400 орындық физика-математикалық мектеп-интернатының құрылысы биыл аяқталып, ел игілігіне табысталады.

Ал «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы бойынша бастау алған 5 білім нысанын биыл аяқтау жоспарланған. Қалған 3 мектептің құрылысы биыл басталып, келер жылы пайдалануға беріледі.

Облыс әкімінің тапсырмасымен үш ауысымдық оқулы болдырмау мақсатында облыстық бюджеттен 2,6 млрд теңге бөлініп, Абай атындағы №2, С.Толыбеков атындағы №3, Ә.Мүсілімов атындағы №101 және Т.Есетов атындағы №264 мектептерге қосымша ғимараттар салынды.

«Бәйтерек» мәлтек ауданындағы құны 1,3 млрд теңгені құрайтын 600 орындық мектеп те оқушыларды қабылдап, жұмысын бастап кетті. Халық сұранысына қажетті ғимараттардың құрылыстары биыл да жалғасуда. Яғни сол жағалаудан құны 4,8 млрд теңгені құрайтын музыкалық колледждің құрылысы қарқын алды, – деп атап өтті қала әкімі.

## ДЕНСАУЛЫҚ, МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ

Қала әкімінің айтуынша, құны 2,9 млрд теңге болатын «Облыстық қан орталығының» құрылысын аяқтау биылға жоспарланған. Ал жоба құны 36,4 млрд теңгені құрайтын бір ауысымда 100 келушіге арналған емханасы бар, 300 төсектік көпбейінді аурухана салынууда. Баймұрат батыр ауылында салынып жатқан дәрігерлік амбулатория жақын күндері пайдалануға беріледі. Қосшыңырау ауылдық округіндегі медициналық бекетті сәуір айында табыстау жоспарлануда. Сонымен қатар 568,1 млн теңгеге Талсуат пен Қарауылтөбе ауылдарынан 150 орындық клуб пайдалануға беріліп, мәдениет пен руханиятқа үлкен сый болды. Бұл игі бастамалар Тасбөгет кентінде де жалғасты. Яғни облыстық бюджеттен 514,5 млн теңге қаржы бөлініп, стандартқа сай дене шынықтыру-сауықтыру кешені ашылды. Ал «Самұрық-Қазына» қоры есебінен 239 млн теңге қаржыға Ақсуат ауылдық округінен жана спорт кешені салынып, пайдалануға берілді.

Кәсіпкер-меценат Марат Дүйсенбаевтың демеушілігімен салынған құны 1,7 млрд теңгені құрайтын «Анаға тағзым» орталығы қала халқына ерекше тарту болды.

Спорттық ойындардың бірі – үстел теннисі де бас шаһарда дамытын болады. Сол жағалаудан жаңа үстел теннисі орталығының іргетасы қаланды. Бюджеті 2,7 млрд теңгені құрайды, оның жартысы «Самұрық-Қазына» қорынан бөлінді. Дәл осы аумақтан құны 21 млрд теңге болатын 7000 орындық стадионның құрылысы басталды, – деді қала басшысы.

## ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ ДАМЫҒАН ШАҒАР

Облыс әкімінің қолдауымен «Акса энерджи» түрік компаниясы құны 215 млрд теңгеге қуаттылығы 240 мегаватты құрайтын жылу электр орталығының құрылысын бастады. Жылу орталығы 2025 жылы іске қосылып, қаланы сапалы жылу және электр энергиясымен қамтамасыз етеді деп жоспарлануда. Оған қоса меценат Болат Өтемұратовтың қолдауымен басталған құны 15,7 млрд теңге болатын «Қорқыт ата» әуежайының жаңа терминалы да тағу күндері алғашқы жолаушыларын қабылдайды.

– Сырдария өзенінің сол жағалауынан іргесі қаланған жана автовокзалдың да жақын күндері игілігін көреміз. Құны 975 млн теңгені құрайтын сапаржайды барлық стандарттарға сай деуге болады. Теміржол қақпасы – вокзал ғимараты мен аумағы жаңаша кейіпке енді. Жөндеу жұмыстарына демеушілер 255 млн теңге, «Қазақстан Темір Жолы» компаниясы 322 млн теңге бөлді. Бұл бағыттағы жұмыстар жалғасын табады, – деді қала әкімі.

Жол-көлік инфрақұрылымын дамыту бағыты бойынша 5,7 млрд теңгеге Сырдария өзенінің сол жағалауында Батыс Еуропа-Батыс Қытай дәлізімен жанасатын көлік айырығы пайдалануға берілді. Құны 10,6 млрд теңге қаражатқа қала, оған қарасты кент және ауылдық округтердегі жалпы ұзындығы 185,7 шақырым болатын 269 көшеге орташа жол жөндеу, қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар 690 млн теңгеге 19 көшеге жаяу жүргінші жолы салынды.

Бұдан бөлек, құны 350,1 млн теңгеге «Бәйтерек» тұрғын ауданына «Қызылжарма» каналы арқылы өтетін автомобиль көпірі қолданысқа өтсе, Ғ.Мұратбаев көшесі мен А.Яссауи көшелерінің қиылысындағы теміржол арқылы өтетін жаяу жүргіншілерге арналған көпір ел игілігіне пайдалануға берілді.

### Басы 1-бетте

Жағдайға келілік, бір ғана Ақтөбе облысында өңірдегі үш бірдей су қоймасының екеуі ернеуіне келіп, 10-нан аса өзен арнасынан тасыды. Осы күні мұнда су тасқынынан пайда болған шығынды анықтайтын арнайы комиссия жұмыс істеп жатыр. Ақтөбе облысы әкімінің баспасөз қызметінің мәліметінше, мұнда 753 үй мен 10 әлеуметтік нысан және 100-ге жуық саяжай үйі жарамсыз қалған. Ал қауіпсіз жерге шығарылған адамдардың саны 7 мыңға жетті.

«Қостанай жақта үлкен су бар екенінен хабардармыз. Ол су енді біздің Бірғыз ауданының бірнеше елді мекеніне келу қаупі бар. 3 тікұшақ барды. Қазір басында министрліктің өкілдері жағдайға қарап, шешім қабылдайтын болады. Соған байланысты 2 мыңға жуық адамды эвакуациялаймыз», – дейді облысының әкімі Асхат Шахаров.

Ал Батыс Қазақстан облысы бойынша 2500-ден астам адам эвакуацияланды. Аймақтағы 17 елді мекенде жолды жарып өткен тасқын су көлік қатынасының үзілуіне әкелді. Батысқа

### Басы 1-бетте



## ОРТАЛЫҚ АЛАҢ ҚАНДАЙ БОЛМАҚ?

Меценат Аскар Әубәкіровтың демеушілігімен 1 млрд теңгеге және облыстық бюджеттен бөлінген 329,2 млн теңгеге орталық алаңға абаттандыру жұмыстары жүргізілуде. Замануи дизайнмен әрленген орталық алаңның құрылысы биыл мамыр айында аяқталып, жұмыс қайта басталады деп күтілуде.

Мұнан бөлек, облыстық бюджеттен бөлінген 800 млн теңгеге қала аумағындағы көпқабатты 17 тұрғын үйдің ауласына күрделі жөндеу жүргізілді. Облыстық бюджеттен қосымша 403,5 млн теңге қаралып, 19 үйдің ауласын абаттандыру ісі жалғасты.

Жаңа жобалардың бірі – көпқабатты тұрғын үйлердің қасбетін панельдермен қаптау. Облыстық бюджеттен бөлінген қаржыға көпқабатты 16 тұрғын үйдің қасбеті жаңалануда. Ал өткен жылы демеушілер есебінен 26 көпқабатты тұрғын үй мен 3 әлеуметтік нысанның сыртқы қасбеті қапталған еді.

– Аукционды жұмысымыздың бірі – Бейбарыс сұлтан көшесін абаттандыру ісі еді. Оған 1,6 млрд теңге бөлініп, жұмыстар толығымен аяқталды. Сол жағалаудағы Абылай хан даңғылы да абаттандырылуда. Оған бюджеттен 564,8 млн теңге қаралған. Ал демеушілер тарапынан Абай даңғылындағы №47 «А, Б, В, Г» көпқабатты тұрғын үйдің аулалары толық абаттандырылды.

Тозығы жеткен ауызсу және кәріз жүйелерін қайта жаңғыртуға республикалық және облыстық бюджеттерден барлығы 3,8 млрд теңге қаралып, қала аумағындағы коммуналдық желілер жаңаланды. Тұрғындардың 100 пайызы орталықтандырылған ауызсумен қамтылды.

Қала әкімі биыл атқарылатын жұмыс барысын да баяндады. 2024 жылға бекітілген қала бюджеті 58,2 млрд теңге болса, бүгінгі күні 72,6 млрд теңгеге нақтыланды. Оның ішінде қала бюджетіне республикалық және облыстық бюджеттен 31,9 млрд теңге трансферт бөлініп, 92 жоба жүзеге аспақ.

Атап айтқанда былтыр құрылысы басталған Сырдария өзенінің сол жағалауы бөлігінде 7 қабатты 84 пәтерлі ипотекалық 6 тұрғын үйдің құрылысын жалғастыруға, «Сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту» бағдарламасы аясында ұзындығы 18,7 шақырымды құрайтын 4 жоба жүзеге асырылды. Сондай-ақ «Инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау және дамыту» бағдарламасы бойынша құны 6,2 млрд теңгені құрайтын 19 жобаның жұмысы жүргізілуде. Құрылыс жұмыстары жыл аяғына дейін аяқталып, іске қосыламыз.

– Биыл осал топтағы отбасыларына 200 пәтер және 135 пәтер жалғыз баспанасы апатты деп танылған тұрғындарға сатып алуға 4,2 млрд теңге бөлінді. Республикалық бюджеттен қосымша құны 10 млрд теңгені құрайтын 800 пәтерді сатып алуға бюджеттік өтімні ұсынылды.

Қаланы абаттандыру және қоғаландыру бағытында 7,5 млрд теңге қаралды. Осы мақсатта «Жасыл Қызылорда» коммуналдық мекеметтік мекемесі құрылды. Бүгінгі күні әуежай бойында орналасқан Табиғат, Жібек жолы және Қызылжарма каналдарын тазалау жұмысы жүргізіліп, арықтар мен каналдарға аяқсу жіберілуде.

Қала аумағындағы 10 көпқабатты тұрғын үйдің ауласындағы балалар ойын алаңдарына күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге облыстық бюджеттен 375,4 млн теңге қаралды. Бұдан бөлек, облыстық бюджеттен бөлінген қаражатқа қосымша 15 көпқабатты тұрғын үйдің ауласындағы балалар ойын алаңдары қайта жаңғыртылады. Бүгінде 4 көппәтерлі тұрғын үйдің ауласына күрделі жөндеу жұмысын жүргізу үшін мемлекеттік сатып алу конкурсы ұйымдастырылуда, – деді қала басшысы.

Сондай-ақ қала аумағында орналасқан ғимараттардың қасбеттерінің бірыңғай стилі әзірленіп, қызыл сызғыс талаптарын сақтау бағытында көше-жол желісіне түзетулер енгізілді.

– Қаламыздың көшелерінің сәулеті бірыңғай үлгісі жолға қойылып, ондағы әлеуметтік нысандар мен ғимараттардың сыртқы қасбеті, оның түсі, көше бойындағы жарықшамдар, жерге төселетін қыртастар пішіні және тағы басқа архитектуралық формалар бір стильде қалыптастырылады, – деді қала басшысы.

Жол-көлік инфрақұрылымын дамыту бағытында бюджеттің барлық көздерінен 6 млрд теңге қаралды. Бұл бағытта да биыл біраз ауқымды жұмыс қолға алынбақ. Қала аумағында қандай көшелер жөндеуден өтетіні, мердігер мекемелері анықталып, қаралған қаржысы бөлініп, дайын тұр. Жұмыс жақында басталады деп жоспарлануда.

– «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында биыл барлығы 16 жобаға 1 млрд 234 млн теңге бөлінді. Бұл жұмыстарды аяқтау үшін республикалық бюджетке 4,6 млрд теңгеге, облыстық бюджеттен қоса қаржыландыруға 587 млн теңге бюджеттік өтімні ұсынылды. Қызылжарма ауылдық округіндегі 5 көшені күрделі жөндеуге облыстық бюджеттен қаржысы бөлінді. Қазіргі таңда ауылдық округтердегі 16 жобаның мердігер мекемесі анықталды, 5 жобаның жұмысы жүргізілуде.

Биылғы міндеттер өте ауқымды. Осы жобалардың жүзеге асуына бірге күш салатын боламыз. Қазір қалада қоғамдық-саяси ахуал тұрақты. Мемлекеттік мерекелер өз деңгейінде аталып өтілуде. Шаһарымызды көркейтудің мақсатына бағытталуда тұрақты түрде сенбілік ұйымдастырылуда. Бүгінде көктемгі дала жұмыстары да жанданды. Дикандар биыл 8677 гектарға ауыл шаруашылығы дақылдарын орналастыруды жоспарлаған. Оның 3614 гектары – күріш. Өзім атап өткендей, алдағы уақытта да барлық сала бойынша атқарылатын міндеттер жалғаса береді, – деп сөзін аяқтады қала әкімі.

Газ мәселесіне келсек, Қосшыңырау ауылдық округінің Абай, Досан елді мекендеріне газ құбырын жүргізу үшін республикалық және облыстық бюджеттен қаражатқа құрылыс жұмыстары жүргізілді. Бүгінде ауыл тұрғындары «көгілдір отынмен» қамтамасыз етілді. Қала бойынша газбен қамту көрсеткіші 93 пайызға жетті. Жылу желілерін қайта жаңғыртуға 8 жоба әзірленіп, оған республикалық бюджеттен 8,2 млрд теңге бөлінді. Оның ішінде ең өзектісі Бейбарыс сұлтан көшесінің бойындағы жылу құбырлары жер астымен жүргізілді.

Ал қоғамдық көлікке келсек, 2022 жылы лизингке 150 автобус сатып алуға облыстық бюджеттен 1,4 млрд теңге, 2023 жылы облыстық бюджеттен 150 автобус сатып алуға 1,6 млрд теңге қаралды. Бүгінгі күні барлық автобустар жеткізіліп, тиісті бағыттарға қосылды, – деді қала басшысы.

Есепті кездесу барысында қоғамдық кеңес мүшелері ойларын ортаға салып, ұсыныстарын жеткізді. Сонымен қатар қала басшысының қолға алған игілікті бастамаларына сәттілік тілеп, шаһардың дамуы үшін бірлесіп жұмыс істейтінін жеткізді.

Ақтолық НҰРЛЫБАЙ  
Суреттерді түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ



## СУ ТАСҚЫНЫ: СЫННАН САБАҚ АЛДЫҚ ПА?

барған Мәжіліс депутаттары су басқан елді мекендерді әуе арқылы бақылады. Олар арнайы комиссияның шығынды әділ есептеуі мен мал шығындарына ерекше көңіл бөлуіне баса назар аударатынын жеткізді. Бүгінде

зардап шеккендер білім ошағына орналасты, сондықтан жағдай тұрақталғанша балалардың демалысын ұзартып, сабақ мерзімін шегеруге ұсыныс білдірді. Ал оқу-ағарту министрлігі көп ұзамай-ақ, су басқан аймақтардағы 88

білім ошағы 4-тоқсаннан бастап, қашықтан оқитынын мәлімдеді. Еліміздің шығыс өңірлері де тасқын сумен үздіксіз күресіп жатыр. Мұнда қауіп әлі сейілген жоқ. Бұл жұмысқа 700-ден астам техника жұмылдырылуда. Ақ Жайықтың жағасындағы Атырау облысында да жағдай күрделене бастады. Қызылқоға ауданында төтенше жағдай жарияланып, 600-ден астам адам эвакуацияланды. Қарағанды облысының Шет ауданында да жағдай осындай. Мұнда 34 үйді су басты, 250-дей тұрғын эвакуацияланды. Қостанай облысының Амангелді ауылынан 60 шақты тұрғын қауіпсіз жерге көшірілді. Павлодардың алты бірдей ауданына қауіп төніп тұр. Осы күні республика бойынша ұзын саны 3 қала мен 14 ауданда төтенше жағдай жарияланды.

Тағы бір айта кетерлігі, «Қазақстан халқына» Қоғамдық қоры су тасқынынан зардап шеккендерге 5 млрд теңге қаражат қарастырды. Ақпарат көздеріне сүйенсек, аталған қаражат үй салуға жұмсалмақ. Бұл қаржыға 200 үй салынуы мүмкін. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Су тасқынына қарсы шараларды

үйлестіру және қарғын су жүру кезеңінің салдарын жою жөніндегі республикалық штабтың отырысында халыққа жан-жақты көмек берілуі керекін қадап айтып және бірқатар облыс әкімдеріне қатаң тапсырма берді.

– Су тасқынынан зардап шеккен адамдарға тиісті барлық көмек көрсетілсін. Бұл мақсатта Үкіметтің және әкімдіктердің резервін ғана емес, «Қазақстан халқына» қорының қаржысын да пайдалану қажет. Осындай жауапты сәтте еліміздегі бизнес өкілдерін халыққа көп ұшын созуға шақырамын. Апаттан зардап шеккен азаматтарға және аймақтарға барынша қолдау көрсету керек. Бұл – дәл қазіргі кезеңде баршаға ортақ міндет. Қарғын судан қатты шығынға ұшыраған батыс аймақтарда ірі кәсіпорындар көп. «Самұрық-Қазына» қорына қарасты компаниялар, жер қойнауын игерушілер бар. Олар халыққа жәрдем беріп, бұл күнде инфрақұрылымды қалпына келтіруге атсалысады деп сенемін, – деді Мемлекет басшысы.

Дәулет ҚЫРДАН

Серікбай ҚОСАНОВ, түркітанушы ғалым:

## ЖАЛАҢТӨС БАҒАДҮР – ЕКІ ХАЛЫҚҚА ДА ОРТАҚ ТҰЛҒА

Хандары ауысқан, кейбіреулері Шыңғыс әулетінен өрген әртүрлі билікқұмар сұлтандардың құзырына өткен кешегі қандас тайпалар бірде тату, бірде қату болса да, кейінгі кезге дейін аралас-құраласып, қатарласа, қонысыла құмыр кешті.

Арада тағы бірер ғасыр өткенде Бұқара маңындағы Нұрата тауының етегінде дүниеге келген алтын Жалаңтөс бидің атасы Сейтқұл әулие де бұл аймақты өз атақонысы деп санайтын. Ол заманда қазіргідей мемлекеттік шекара да жоқ. Самарқанның саудагер сарты болмаса, басқа жұртты бөліп-жаратындай себеп жоқ – Қосөзен арасы мен Көкше теңіз аралығын жайлап, қыстаған көшпелі халықтар бір-бірін қапысыз түсінетін...

Содан болар, Жалаңтөстің арғы атасы Ораз да, өз әкесі Сейтқұл мен ағасы Ақша би де Бұқара хандарының сарайында би, аталық қызметтерін атқарған деседі. Соңыра Жалаңтөстің өзі де сол дәстүрдің ізімен аштарханидтер әулетінің бірнеше хандарының тұсында Самарқан, Кабул, т.б. қалалардың әмірі атанып, хан аталығы және би лауазымдарын иеленген. Асылында, Жалаңтөс бидің сол дәуірдегі Бұқара хандығының өсіп-өркендеуіне, әскери-саяси һәм мәдени-әлеуметтік жағынан дамуына 40 жыл бойы өлшеусіз еңбек сіңіргенінің өзі даңқты тұлғаның өмірбаянын Өзбек елімен тығыз байланыстыратыны даусыз. Бұл тұрғыдан алғанда Жалаңтөс баһадүр – өзбек халқының өкілі. Бұған ешкімнің күмәні болмауы тиіс. Ал екінші жағынан алғанда Жалаңтөс бидің қазақтың тегін де ұмытуға болмас. Бұл тарапта алда зерттелетін, жазылатын еңбектер болады деген үміттемін.

– Тарих таразысында түспалдан гөрі жазылған жазба деректің салмағы басым екені анық. Батырдың тегіне қатысты болжам мен алып-қашпа әңгімеге нүкте қоятын жазба мәлімет пен дереккөзге сілтеме бере аласыз ба?

– Сол замандағы оқиғаларды көзімен көрген Қожамқұл бек Балхиң «Тарих-и қыпшақи» деген көлемді еңбегіндегі деректер батырдың тегін алшын-казактардан шығаруға қайшы келмейді. XVII ғасырдың 40-жылдарындағы Бұқара хандары аштарханид Нәдірмұхамед пен Әбділәзиз хандардың таққа таласы кезінде кейінгісі қолдаған Жалаңтөс баһадүрдің әскерінің қатарында казактардың үлесі басым болған көрінеді. Әрине, карақалпақ, өзбек қосындары да аз емес. Оның үстіне ханға көмекке келген казак сұлтандарының әскері де Жалаңтөс бидің беделімен жиылған-ау деген ойға келесіз.

Содан болар, Жалаңтөстің арғы атасы Ораз да, өз әкесі Сейтқұл мен ағасы Ақша би де Бұқара хандарының сарайында би, аталық қызметтерін атқарған деседі. Соңыра Жалаңтөстің өзі де сол дәстүрдің ізімен аштарханидтер әулетінің бірнеше хандарының тұсында Самарқан, Кабул, т.б. қалалардың әмірі атанып, хан аталығы және би лауазымдарын иеленген. Асылында, Жалаңтөс бидің сол дәуірдегі Бұқара хандығының өсіп-өркендеуіне, әскери-саяси һәм мәдени-әлеуметтік жағынан дамуына 40 жыл бойы өлшеусіз еңбек сіңіргенінің өзі даңқты тұлғаның өмірбаянын Өзбек елімен тығыз байланыстыратыны даусыз. Бұл тұрғыдан алғанда Жалаңтөс баһадүр – өзбек халқының өкілі. Бұған ешкімнің күмәні болмауы тиіс. Ал екінші жағынан алғанда Жалаңтөс бидің қазақтың тегін де ұмытуға болмас. Бұл тарапта алда зерттелетін, жазылатын еңбектер болады деген үміттемін.

Тарихшының: «Жалаңтөс аталық пен Өзбекке патшалары Мәуренаһрдың әмірі Әбділәзиз ханның алдына барды. Кеңестен кейін казак пен карақалпақ сұлтандарының қатысуымен бұл мәселенің шешімітейінді аңғарылды. Әбділәзиз хан Өзбекпенін барлық сардарымен Ташкентке барып, бір жарым жыл сонда тұрды.

Әбділәзиз ханмен бірге қазақтың 300 төрезадасы 2 ләк атты әскерімен Балхқа жол тартты», – деген мәліметтері де осы пікірімізді айғақтай түседі.

Тарихи еңбектерде Жалаңтөс бидің жоңғар қоршауында калған казак билеушісі Есім хан ұлы Жәңгір ханға 20 мың әскерімен көмекке келетін туралы жиі жазылып жүр. Бұл орайда жоңғарлар шабуыл жасаған аймақта Жалаңтөске қарасты казактардың аймағы болғандығы да еске салынады. Тағы бір тарихи деректе: «1647 жылы моголдар Әбділәзиз хан, Жалаңтөс би және казак ханы Жәңгірдің бірлескен әскерінен жеңіліс тапты», – депінеді. Олай болса, Жалаңтөс баһадүр мен казак хандығының арасындағы тығыз достық қатынасы да, бидің карамағында Әлім руының төртқара руының бір бөлегі болғандығы да ақиқаттан алыс емес. Бұқара хандарының қызметінде болған Самарқан әмірі көршілес Казак хандығымен бірде тату, бірде қату жағдайда көрінгенімен, оның Алшын-казактармен қалайда туыстығына шүбә келтіруге негіз жоқ.

– Ғалымның кейінгі зерттеулерінде де бұл тақырып қалыс қалмаған секілді. Тұлғаның саяси салмағы, өзбек-казак саяси элитасына ықпалы көп қауалады.



– Жалаңтөс баһадүрдің тұлғасын зерттеу бағытында ағартушы Халел Досмұхамедұлының есімін ұшыратамыз. Әсіресе оның жалаңтөстану ісіне қосқан үлесі ескерусіз қалып жатқандай...

– Жалаңтөс баһадүр туралы алғаш рет тұшымды дерек жазған белгілі алаш қайраткері әрі ағартушы ғалым Халел Досмұхамедұлы да оның «қазақтығына» еш шүбә келтірмеген. XX ғасырдың 20-жылдары өзге де казак оқығандарымен бірге Ташкент шаһарында тұрып, зерттеушілікпен шұғылданған ғалымның «Родословная Жалаңтөс батыра (Ялантуш-Баһадүра) строителя медресе Тилля-кари и Ширдар в гор. Самарканде» атты мақаласында Жалаңтөс бидің өмірі мен шыққан тегі жөнінде бірақтар мәлімет кездеседі. Ғұлама сол замандағы орыс тілінде ғана шыққан тарихи кітаптарда Жалаңтөс бидің Самарқан қаласындағы Регистан алаңында «Тилля-кари» (Алтынмен аталған) және «Ширдар» (Арыстанды) медреселерін салдырғаны жайында ғана айтылып, батырдың өмірбаяны атүсті жазылғанына өкініш білдіреді. Әмбебап зерттеуші Масальский, Левшин еңбектеріндегі Жалаңтөс баһадүр туралы бәрімізге белгілі деректермен шектеліп қалмай, өз бетінше ізденіп, кітапхана сөрелеріндегі Вамбери сынды түркітанушының жазбаларын қарайды. Тарихи тұлға хакында Самарқан шаһарының көнекөз тұрғындарынан сұрастырып көреді. Экспедиция барысында ғалым Жалаңтөс бидің казак отбасынан – Алшын ішіндегі Әлім тайпасының Төртқара руының шыққандығын біледі және сол жақтағы жергілікті қариялардан оның бірнеше әулеттік ру шежіресін жазып алады.

– Халел Досмұхамедұлының жеткен шежіреде тұлға тегі қазақпен қабыса ма?

– Әрине. Әлім бұтағына жататын казактар қазіргі кезде Темір, Ырғыз, Қазалы уездері мен Қарақалпақ облысында тұрады. Біздің қолымызда Әлімді тарататын шежіре-жазбалар бар, олардың бәрінде Жалаңтөс батырдың шежіресі бірыңғай таратылады. Бұл шежірелердің бірі 1920 жылы білгір шежіреші Молдин ақсақал Шонтаевтың аузынан жазылып алынған. Осы шежіреде Жалаңтөс батырдың ата-бабалары мен үрім-бұтақтары былайша таратылады:

Әлімнен – Жаманақ, Уланақ, Қарамашақ, Айнық, Тегінболат; Қарамашақтан – Оразгелді, Ораз, Жаншүкір, Қараш; Ораздан – Ақпан, Токпан; Токпаннан – Тоғамыс, Шобан, Сейтқұл; Сейтқұлдың Сары бәйбіше атты әйелінен – Сейтімбет, Төлес, Ақша би; Ақша биден – Байбек, Шалым; Байбектен – Әйтеке би; Қаракемпір атты әйелінен – Қожағұл, Жалаңтөс, Қалматай, Түрікпен, Дүйсеней, Кенже Семетей; Жалаңтөстен – Сатыбалды, Раңбай, Наурыз; Сатыбалдыдан – Тілеу; Тілеуден – Қара Абыз батыр; Қара Абыз батырдан – Дауыл би, Баймен; Дауыл биден – Айтмағамбет; Бәйменнен – Бұсырман қожа; Жалаңтөстің екінші баласы Раңбайдан – Құдайназар, Дәулет, Сейтек, Өтеген; Дәулеттен – Алтай, Қармыс, Ақбота; Ақботадан – Мұнарбай; Өтегеннен – Құдайберген; Құдайбергеннен – Шонтғыл, Айтқұл, Қойбақ; Шонтғылдан – Қирбай; Айтқұлдан – Өтетілеу; Қойбақтан – Көрібоз.

Бұдан әрі автор Алшын-төртқара руының казак ішіндегі беделді рулардың бірі екендігін, олардан даңқты тұлғалардың көптеп шыққандығын, жалпы Кіші жүз арасында маңызды орын иеленетінін айта келіп, Ақша би, Әйтеке би, Қара Абыз батыр сияқты Жалаңтөс би туыстары мен ұрпақтарының тарихтағы еңбектеріне тоқталып өтеді. Алаш қайраткерінің жазуына, «Жалаңтөс батырдың ұрпақтары қазіргі кезде Сырдария губерниясының Қазалы уезі, Сарытоғай болысында мекен етеді. Олардың арасында Жалаңтөс батырдың Самарқанда әмір болғандығы туралы аңыз әңгімелер бүгінге дейін сақталған».

– Ғалымның кейінгі зерттеулерінде де бұл тақырып қалыс қалмаған секілді. Тұлғаның саяси салмағы, өзбек-казак саяси элитасына ықпалы көп қауалады.

– Дұрыс айтасыз. 1923 жылы күзде Бұқарада өткен ғылыми съезге қатысып, бірақтар ғалымдармен пікірлескен Х.Досмұхамедұлы өлке тарихындағы казактардың роліне байланысты деректерді жинау және талдау жұмыстарын жалғастыра түседі. Өзінің зерттеу еңбегінде ол Вамбери, М.Тынышбаев еңбектеріне сүйене отырып, аштарханилер әулетін таққа отырғызу барысында Абдул Уәси, Жалаңтөс би секілді ықпалды казактардың елеулі үлесі болғандығына назар аударады. Тіпті одан әріректе Ақсақ Темірдің таққа отыруына жәрдемдесіп, хандық тізгінін алып берген де бұрынғы Алтын Ордадан шыққан түркі тайпалары болатын. Ал сол замандағы Түркістанның жергілікті жұрты оларды бірде казак, бірде өзбек деп атағанын жазды.

– Дұрыс айтасыз. 1923 жылы күзде Бұқарада өткен ғылыми съезге қатысып, бірақтар ғалымдармен пікірлескен Х.Досмұхамедұлы өлке тарихындағы казактардың роліне байланысты деректерді жинау және талдау жұмыстарын жалғастыра түседі. Өзінің зерттеу еңбегінде ол Вамбери, М.Тынышбаев еңбектеріне сүйене отырып, аштарханилер әулетін таққа отырғызу барысында Абдул Уәси, Жалаңтөс би секілді ықпалды казактардың елеулі үлесі болғандығына назар аударады. Тіпті одан әріректе Ақсақ Темірдің таққа отыруына жәрдемдесіп, хандық тізгінін алып берген де бұрынғы Алтын Ордадан шыққан түркі тайпалары болатын. Ал сол замандағы Түркістанның жергілікті жұрты оларды бірде казак, бірде өзбек деп атағанын жазды.

Сондай-ақ ғалым ХҮІ – ХҮІІІ ғасырларда шайбанилық, аштарханидтік көшпелі өзбектер мен Жәнібек казактары арасында айтарлықтай этнографиялық айырмашылық жоқтығын, олардың қай-қайсысының құрамында да бұрынғы Алтын Орда рулары болғандығын айта келе былайша тұжырым жасайды: «Бұқара хандығында Жалаңтөс батырдың аса үлкен лауазым, салмағы болғанына қарап, Түркістанды жаулап алушылардың ішінде Кіші жүздің (алшынның) де, тіпті жоқ дегенде Жалаңтөс батыр жататын Әлім руының казактары болды деп айтуға әбден болады».

Кімге де болса, алаш қайраткерінің тарихи деректерге сүйенген пікіріне назар аударғаны абзал. Асылы, XX ғасыр басындағы өзбек-казак зиялылары Жалаңтөс батырдың тегіне таласпаған. Жергілікті казак ақсақалдары Алшын биінің түп аталарын аяқастынан құрастырып, шежіреге қоса қойды деген де негіз жоқ. Оның үстіне Халел жазғандай, оның қолына Әлім-төртқара руының бірнеше адамнан жазылған шежіре нұсқалары түскен және соның қай-қайсысында да Жалаңтөс бидің жеті атасы, жақын туыстары таратылып жазылғаны айтылады. Демек, біздің тарихшыларымыз бел этнограф ғалымдарымыз бұл мәселені де зерттей түссе деген тілек бар.

– Түсінікті-ақ. Деседе өзбек пен казак тарихшылары арасында тұлғаның тегіне қатысты деректердің өзара сәйкес келмеуіне не себеп? Әйтпесе, Қазалы өңірінде баһадүрдің ұрпақтары өмір сүруінің өзі біршама сұраққа жауап емес пе...

– Бидің әкесі Сейтқұлдың есімі өзбек деректерінде Бойходжа (Байқожа) болса, баласының аты – Бойбек (Байбек). Тарихшы Ж.Сәбитов мұның себебін Байқожаның сопылық жолдағы пірлерімен байланыстырады. Оның пікірінше, «Байқожа есімі болуы мүмкін, ал Сейтқұл (Сонид) – арабша мәртебелі, қасиетті қожайын, яғни, Сейтқұл – Мұхаммед пайғамбар әулетінен өрген мәртебелі кісінің қызметкері деген ұғымды білдіреді.» әуліменің Махдүм Ағзам хазіретінің

ұрпағы Хожа Хашим Дағбедиге жасаған қызметі үшін берілген қарапайым лақап ат» секілді. Автор С.Саттаровтың аузынан жазып алған шежіре дерегі бойынша Махдүм Ағзам Сейтқұл қожаларға жататын Қылышты қожа аталығынан шыққан деседі. Бұл тұрғыдан алғанда, Жалаңтөс баһадүрдің әкесі Байқожаның Сейтқұл би атанып кетуі шындыққа жақын келеді.

Расында, тарихшы жазғандай, Жалаңтөстің баласы Бойбек (казакша – Байбек) жас кезінде ағасы Ақша биден жетім қалып, батырдың тәрбиесінде өсуі ғажап емес. Кейін, одан Әйтеке би туып, казак ханы Тәукенің сенімді билерінің бірі болады. Салыстыра қарасаңыз, Салқам Жәңгір хан мен Жалаңтөс бидің, Тәуке хан мен Әйтеке бидің достық қатынастары арғы дәуірден жалғасып келе жатқан дәстүрдің шынайы көрінісі екендігі күмәнсіз. Сонымен бірге бұл айтылғанның бәрі көне тарихи кітаптар мен шежірелік мәліметтерге тонық ішкі бауындай үйлесім тұр. Сірә, қазақтың Алшын, Әлім-төртқара шежіресі бойынша Жалаңтөстен тараған басқа ұрпақтарының өзбек тарихында белгісіз болу себебін батыр сарай қызметінен кеткеннен кейін-ақ ағайын-туыстарының шаһар тіршілігінен алыс Сырдың төменгі атырабына – Қазалы аумағына көшуімен байланыстырған абзал шығар. Жалаңтөс бидің немересі Дәулет бақы Раңбайұлы қазіргі Қазалы ауданындағы Қосым қожа қорымында жатқандығы соның дәлелі дер едік. Өзі бұрынғы Бұқара облысына қарайтын Нұрата жерінен дамыл тапқан атақты Әйтекенің ұлы Өтебас би де казак жерінде – аталған Қосым қожа пірінің сол жағына жерленуі бұл пікірімізді бекіте түседі.

– Орталық Азия тарихында Жалаңтөс есімімен белгілі бірнеше тұлғаның болуы нақты шешім шығаруға кедергі келтіруге деген пікір бар. Бұл деректе салмақ бар ма?

– XVI-XVII ғасырдағы өзбек жерінде, дәлірек айтқанда, Бұқара хандығына қарасты Нұрата өңірінде бір мезгілде екі бірдей Жалаңтөс би тұрды деген болжам ақылға сыймайды. Шынында, бір рудан екі бірдей атақты адамның қатар өмір сүруі өз алдына, Жалаңтөс сияқты сирек есімді иеленуі тіпті мүмкін емес.

– Тақырыптың идеологиялық қырына ойыссақ. Жақында жарыққа шығатын көркем фильмді түсіруге Өзбекстан президентінің өзі пәрмен берген екен. Мұндай ишара өзбек ағайының рухани индигенция жасауға, яғни ұлттық бірегейлікке қайшы келетін сыртқы тарихи факторларды жою жолындағы әрекет емес пе? Егер расымен Жалаңтөс казак болса, бізге қарымта есебінде қандай амал тиімді?

– Мәселе мынада. Жалаңтөс баһадүр Имамқұлы, Нәдір Мұхаммед, Абдул-әзиз хандардың тұсында 40 жыл бойы Самарқанд әмірі лауазымын атқарған. Хан аталығы қызметінде, Балх аймағының әмірі болғандығы тағы бар. Оның Орталық Азиядағы беделі де аса күшті болғаны мәлім. Жан-жақтағы көрші хандықтардың тарту-таралғысынан Самарқан әмірінің жеке қазынасына түскен байлық Бұқара хандығының қазынасынан да асып түскен екен. Жалаңтөс би өзіне тиесілі мол қазынаны ел мүддесіне – мемлекеттің мәдениеті мен ғылымын дамытуға жұмсаған. Самарқан шаһарының шырайын кіргізіп тұрған Регистан алаңын безендіріп, қос қапталына Тилля-кары және Ширдар медреселерін салдыруы алшын батырдың данқын одан әрі асқақтатады. Олай болса, Жалаңтөс секілді біртуар тарихи тұлғадан өзбек халқы ешқашан бас тартпайтыны анық. Керісінше, Өзбекстан үкіметі алшын биінің есімін алдағы уақытта да ұлықтай беруді деген сөз.

Әрине, өзбек президентінің өз тарихшыларының ғылыми көзқарасын қолдай отырып, кинофильм түсіруге бастамашылық жасауы – түсінікті жағт. Бұл орайда ұлттық бағытта дамып келе жатқан өзбек елі басшысы туған халқының көңіліндегіні дөп басып, отандастарының патриоттық сезімін де ескеріп отыр деп ойлаймын.

Бұл орайда Жалаңтөс баһадүрдің жөні бөлек екенін тағы да қайталап айтқым келеді. Ол – екі халыққа да ортақ тұлға! Қазіргі тілмен айтқанда Жалаңтөс батыр – өзбекстандық қандасмыз деп есептесек, қателеспейтін сияқтымыз. Оны өзбек жұрты ғана емес, казак ұлты да өздерінің батыр ұлына балап, Жалаңтөс бидің өнетелі өмірі мен ұлағатты істерін ұрпақтарға үлгі етіп, ұлықтай бергенін ешқайсысы да ұтылмасы анық. Қайта керісінше, мұндай тарихи тұлғалардың өмірбаяндық шежіресі қос халықтың ежелгі туысқандық сезімдерін оятып, өзара бауырмалдылық, екі ел арасындағы сыйластыққа жол ашатынына баса назар аударғанымыз жөн. Демек, өзбек киногерлерінің Жалаңтөс би жайында түсірген көркем фильміне құтты болсын дей отырып, казак режиссерлері де қарап отырмағаны дұрыс. Бәлкім, дарынды жастарымыз да атақты қандасмыз хакында өздерінің кино түсірсін, пьеса немесе музыкалық шығармалар жазсын, оған кім қой дейді?

Әзірге Жалаңтөс баһадүрдің тегіне қатысты тарихшылардың пікірі әркілі болуы заңдылық. Ол үшін сайыпқыран сардар, айбынды аталық, біртуар би әрі батыр бағамыз туралы ғылыми зерттеулер жан-жақты жүргізіліп, көрші Өзбекстан мен Тәжікстан елдерінің мұрағат қорларына арнайы ғылыми экспедициялар ұйымдастыру қажеттігі – бүгінгі күннің өзекті міндеті. Егер алдағы уақытта облыс әкімдігіне қарасты жауапты ғылыми, мәдени және оқу-ағарту мекемелері ұсынымызды қолдап жатса, бұл тақырыптағы мәселелерге өзім де атсалысар едім.

– Өзбекстанда жерленген қазақтың тарихи

*Мәселе мынада. Жалаңтөс баһадүр Имамқұлы, Нәдір Мұхаммед, Абдул-әзиз хандардың тұсында 40 жыл бойы Самарқан әмірі лауазымын атқарған. Хан аталығы қызметінде, Балх аймағының әмірі болғандығы тағы бар. Оның Орталық Азиядағы беделі де аса күшті болғаны мәлім. Жан-жақтағы көрші хандықтардың тарту-таралғысынан Самарқан әмірінің жеке қазынасына түскен байлық Бұқара хандығының қазынасынан да асып түскен екен. Жалаңтөс би өзіне тиесілі мол қазынаны ел мүддесіне – мемлекеттің мәдениеті мен ғылымын дамытуға жұмсаған. Самарқан шаһарының шырайын кіргізіп тұрған Регистан алаңын безендіріп, қос қапталына Тилля-кары және Ширдар медреселерін салдыруы алшын батырдың данқын одан әрі асқақтатады. Олай болса, Жалаңтөс секілді біртуар тарихи тұлғадан өзбек халқы ешқашан бас тартпайтыны анық. Керісінше, Өзбекстан үкіметі алшын биінің есімін алдағы уақытта да ұлықтай беруді деген сөз.*

тұлғалары жетерлік. Мысалы, атақты Әйтеке би де сол елден мәңгілік қай тапқан. Қазіргі шекаралық бөлінісін қарағанда Ташкент те Өзбекстанның құрамында. Ал Ташкентте Төле бидің жатқаны белгілі. Жалпы, мұндай оқиға ұлттық санаға қалай әсер етеді деп ойлайсыз?

– Жоғарыда айтқанымыздай, орта ғасыр тарихындағы түркілерден шыққан белгілі тарихи қайраткерлердің көпшілігі бірнеше ұлтқа ортақ тұлға екендігін ешкім жоққа шығара алмайды. Рас, өзбек халқының ежелгі заманға қатысты генеологиялық жазбаларында алшын тайпасы атала бермейді. Негізінен алғанда өзбектер байырғы қарлұқтар мен қыпшақ, найман, арғын, қоңырат, йүз, манғыт, барлас т.б. рулардан құралады. Сондай-ақ олардың арасында ұйғыр, түркімен, карақалпақ рулары да ұшырасуы – қалыпты жағдай. Мәселен, Андижан, Ферғана жағында ұйғырлармен, Хорезм елатында түркімен, карақалпақ ұлыстарымен қан араласуы байқалады.

Ал көшпелі алшын-казактардың жөні басқа. Кіші жүз тайпалары Мәуренаһр жеріне кейінірек келіп, Қызылқұм төңірегіндегі Нұрата, Бокан, Ерлер тауының маңайын топтаса жайлағанын көреміз. Бір жағынан, бұл жерлердің дәуір бөлігі күні кешеге дейін Қызылорда облысының Қазалы, Қармақшы аудандарына қарағаны тарихтан мәлім. Яғни Кеңес үкіметі басыларының шешімі бойынша 1936 жылы аталған аймақ Қарақалпақ облысымен бірге сол кезде жандан құрылған Өзбек ССР-інің құрамына өткен болатын. Кіші жүз казактары бұрынғы Бұқара, кейінгі Науан облысына қараған Зарафшан, Тамды, Үшқұдық аудандарында әлі күнге дейін тіршілік етіп жатыр. Бұл өңірлерде Сейтқұл әулие мен Әйтеке би ғана емес, атақты Балқы Базар, Нартайдың ағасы Мәнсұр Бекежанұлы сынды Сыр сұлейлері де мәңгілік тыным тапқан. Өзбек жерінде казактың басқа да ақындары, батырлары мен би-шешендері жерленгені білеміз. Мысалы, Ташкент төрінде – үйсін Төле бидің, Жизакта – Шәді төре Жәңгірұлының зираты бар.

– Толымды жауап пен пайымды пікіріңізге рахмет!

Сұхбаттасқан Еркін ШАМШАДИН



## БАҚЫТ ШАМШЫРАҒЫН ЖАҚҚАН АНА

Ана босағадан аттаса өзімен бірге шаңыраққа нұр кіргізеді, айналасын шуаққа бөлейді. Табиғат гүлдеп төңірекке жұпар шапса, аналар табиғаттың ерекше сыйы саналатын өмірге ұрпақ әкеліп, бір әулетті көктеп көгертіп, баянды бақыттың шамшырағы болады. Қырықшырақтылар қоғамның қай саласында қызмет етсе де өте белсенді және жауапкершілік қасиетке ие.

Әйелдердің аялы алақанымен бесік те тербетіледі, әлемде де тыныштық орнайды. Бұл күнде еліміздің өркендеуіне еңбек еткен нәзік жандар бәсі басым. Соның ішінде мемлекеттің қызметте жүріп, отбасында алтын дінгекке айналып, көпбалалы ана деген аулы есімге кір келтірмей, ел мақтанышына айналып жүрген аруларымыз бар.

Осындай құрметті жанның бірі – Қызылорда қалалық сотында 27 жылдан бері соттың бас маманы, сот отырысының хатшысы болып қызмет етіп келе жатқан 7 баланың анасы, «Алтын алқа» иегері Гауһар Мырзатаева.

Гауһар Бисенқызы 1976 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген. 1993 жылы Шымкент экономика және құқық колледжін үздік бітірген. Алайда Гауһардың бар арманы сот саласында жұмыс істеу болатын. Сол мақсаты орындалып 1997 жылы облыстық Әділет басқармасына жұмысқа қабылданады. 2015 жылы Қазақ гуманитарлық заң университетіне оқуға түсіп, жоғары білімді маман атанады. 1998 жылы Асқар Мырзатаев деген азаматтың шаңырақ көтереді. Жолдасы да жауапты қызметіне қолдау білдіреді. Ортақ отауларында бұл күнде 4 қыз, 3 ұл ержетіп келеді.

Қарбалас жұмыстан босаған кезде Гауһар үй тірлігімен айналысып, балаларына дәмді ас әзірлеп, тәтті тоқаш пісіріп, өмірлік жолдасымен әңгіме дүкен құрып, бір серіліп қалатынын жеткізді. Перзенттерін бағып-қағуға анасы көмектескенін де ризашылықпен айтты.

– Балалардың тәрбиесіне келсек, әжелеріміздің бізге үйреткен құндылығы өтірік айтпау, тыныштық болу, үлкенді сыйлау, кішіге қамқорлық көрсету, еңбекті бағалауды басты ұстаным деп санаймыз. Қарияларымыз – үлкен байлығымыз. Балалардың тұла бойына даналық, мейірімділік қасиет дарытқан анамызға алғыс айтамыз. Өзім орыс мектебін бітірсем де, отбасыма тілдің құндылығын жоғалтқан емеспін. Қазақи дәстүрді ұстанамыз. Әр баланың туған күнін, жетістігін, мектепте алған марапатын атап өтеміз. Торт пісіреміз, дастархан дайындаймыз. Келешекте өздерінің шаңырағын сүйіспеншілікпен, махаббатпен құруға тәрбиелен жатырмын.

Бала білімді болуды бақет деп санаймын. «Білімді мыңды жығалды, білекті бірді жығалды» дегендей, білімді ұрпақ өмірде кіршіп боп қалана біледі. Бала тәрбиесі оңай емес, қазіргі заман тәрбиесі мүлдем басқаша, өйткені дамыған заман, интернет, соған қарамастан барышына дұрыс тәрбие беруге тырысамын. Әрине жұмыс істеу, отбасына көңіл бөлу әйел адамға оңай емес. Соның бәріне уақыт тауып, үлгеруің керек. Заман талабы сондай. Өзіңе де көңіл бөлумен бірге отбасына да қарау керек. Менің байлығым – балаларым, отбасым, сүйікті жарым, анам, өзімнің жақсы көретін жұмысым, – дейді көпбалалы ана.

Гауһар үй жұмысында да басауаппа. Өзі әзірлеген тағамдарды қонаққа ұсынғанды ұнатады. Ата-ананың берген тәрбиесінің жемісі болар, үлкен қызы Назгүл медициналық колледжді жақсы бітіріп, «Ана мен бала» орталығында жұмыс істейді. Тұрмыста, 2 ұлы бар. Ұлы Нұрәулет Назарбаев Зияткерлік мектебін бітіріп, Астана қаласындағы




Г. ҚОЖАХМЕТОВА

Назарбаев университетін тәмамдап, магистратураны жағастыруда. Үшінші қызы Мадина Е.Әуелбеков атындағы дарынды балаларға арналған мектепте оқиды. Ұлы Сырым, қызы Айзере, ұлы Әбілмансұр – №7 мектеп-лицейдің үздік оқушылары. Кішкентай қызы Ясина – балабақша балдырғаны.

Үлгілі де, өнегелі отбасында ел сүйсінетін жеке мектебінің тәрбиесі берік орныққанына куә болдық. Жауапты қызметте биік белестерді бағындырып, үлкен шаңырақты ана әлдімен тербеткен Гауһар ханымға риза болдық. Себебі ол қоғамның гүлденуіне, әділ заңның салтанат құруына еңбек етіп келеді.

Бұл дегеніңіз, бұрынғы Есім ханның ескі жолы, Қасым ханның қасқа жолындағы қатаң қағидаға сүйенсек, сүйекке таңба басқандай жазаға тартылатын қателік болып есептеледі. Бұдан бұрын біздің ел ажырасу көрсеткіші бойынша әлемде Мальдив аралдарынан кейінгі екінші орынға жайғасқаны айтылған болатын. Бұл шынында жаға ұстататын жағдай ғой деп алаңдағанымыз рас.

Бірақ көп ұзамай Ұлттық статистика бюросы оны жоққа шығарды. «Ажырасу коэффициенті 4,6-ға тең Қазақстан Мальдив аралдарынан кейін екінші орында тұрғаны туралы ақпарат шындыққа сәйкес келмейді, – делінген хабарламада. Алайда бұл тек Қазақстанды ғана емес, бүкіл әлем назар тігіп отырған күрделі мәселе. Елімізде ажырасу дерегі аз деп те айта алмаймыз. Себебі статистика сәт сайын өзгеріп отыр. Тіпті мемлекеттен жалғызбасты анаға берілетін әлеуметтік жәрдемі алу үшін де уақытша ажырасып жатқандар жайлы да қоғамда талқыланп жатыр. Айналып келгенде ортақ шаңырақтың ыдырауына не себеп деген сауал туындайтыны жасырын емес.



Кей сарапшылар еліміздегі ажырасудың негізгі себебі деп туыстарының араға түсуі, моральдық тектеудің болмауы, ажырасу процесінің жеңіл болуы деп атап өтуде. Сондай-ақ олар қазіргі замандағы қазақстандық әйелдер мен ерлерге сәйкес келмейтін қатал гендерлік теңдіктің сақталуы және некеге деген көзқарастың өзгеруі де өзекті мәселе қатарында екендігін баса айтуда. Осылайша еліміз ажырасу көрсеткіші бойынша рейтингте 105 елдің ішінде 2-орынды иеленіп, айды аспанға бір-ақ шығарды.

Ал сарапшылар, психологтар, көпбалалы аналар, шәкірт тәрбиелеген ұстаздар бұл тосын құбылысқа түрлі пікір білдіруде.

Көпбалалы ана Оразгүл Оспанованың пікірі де көңілге қоныды. «Қазақ баласын ұшақ ауыз сөзбен тәрбиелеген. Оның алғашқысы – ұят болады. Екіншісі – жаман болады. Үшіншісі – обал болады.

Ұят болады дегені – өлімнен ұят күшті, ұятты іс істемес, жаным – арымның садағасы дегені еді. Жаман болады дегені – жақсы сөз жарым ырсы, жамандықтан аулақ жүр, жақсының шарапаты, жаманның кесепаты тиелі дегені еді. Обал болады дегені – әр нәрсенің сұрауы бар, саған түкке тұрғысыз болған нәрсе басқа біреуге өте қымбат болуы мүмкін, ешкімге көлеңке түспесін дегені екен, – дейді алтын құрсақты ана.

АЖЫРАСҚАҢДАР НЕГЕ КӨБЕЙДІ?

Шынында, рухы мықты бабаларымыз алдындағы жауапкершілікке селқос қалпымызға қарап, санамыздың сансырап, әдеп-ибамамыздың төмендегенін сезінудің өзі қандай қиын. Ұрпақтың ұсақталғаны уайым ғой. Сол ажырасқандардың бәрі тұрмыстық тауқымет, зорлық-зомбылық құрбандары деп айту ақылға қонымыз. Мен жоқшылықтан емес, тоғышарлық пен тоқшылықтан деп ойлаймын. Жанандан қосылған екі жас көбінде қиындықты айналып өтіп жатыр. Ата-аналары оларға тырбынып көмек беремін деп кейде астамшылық жасап бүкіл керек-жаракты дайындап алдарына әкеліп береді. Олар осындай өмірден еңбектенуіне ерініп, тоғышарлыққа қадам басады. Ал бұрын жас отбасы арқа еті арша болып еңбектеніп, тірнектен жинап ынтымақты ел болатын. Қиналғанын ата-анасына білдіртпейтін. Өз еңбегімен жинаған дүние-мүлкінің қадірін де білесің. Ерлі-зайыптының мұқтажы да, керелі де бір болған соң екеуі өзара ақылдасып мәмілеге келіп, екеуінің бойында шылдамдылық қалыптасады. Ал біз бұл осы отбасылық дағдыдан алыстап кеткеніміз арқаға аздай батады.

Дана Ұлықпан, психолог:

– Отбасын құрар алдында әр адам психологтан кеңес алса, сол жерде «неге осы адамды таңдап отырмын, неге дәл қазір тұрмысқа шыққым келеді немесе үйленгім келеді, мен оның отбасын білем бе, мен оның кемшілігін қабылдаймын ба, әлде тек жақсы жағын ғана көргім келе ме?» деген сұрақтың жауабын тапса, бұл отбасылық өмірге дайындықтың басы дер едім. Егер адам өз сезімін түсінетін болса, басқаның да сезімін түсіне алады, қолдай алады, сойлексе алады деген сөз.

Бір-бірін жете түсінбей, отбасын құрып, кейін балалы болып ажырасса, ол балаға психологиялық соққы әкеледі. Отбасын құлдырадан сақтап қалатын көмектің бірі осы болар. Екіншіден, қаржылай дайын болуы керек. Қазіргі заманда материалдық жағдай көп нәрсеге ұйытқы болады. Отбасын сақтап қалуға, бақытты, жеңіл өмір сүруге көмектеседі.

Жадыра Әкімтаева, ұстаз:

– Қазіргі күні әлеуметтік желіде блогерлер «сен өз өміріңді қожасың», «сен патшайымсың», «сен патшасың», «ен бірінші орында өзін тұруың керек» деген сияқты кеңес береді. Мұны көбісі «менің айтқаным ғана болуы керек» деп түсінеді. Бұл – қиын жағдай. Мұндай жұрттардың бәрі ажырасып кетеді демеймін. Өйткені олар психологиялық тұрғыдан бір-біріне сәйкес келіп, бірге өмір сүріп кетуі мүмкін. Алайда қазір ұят деген нәрсе қоғамда аздау, сондықтан ажырасу бұрынғы кезге қарағанда оңайырақ, – дейді ол. Қалай десек те, жана өмірге қадам басқан жастарды салт-дәстүрімізге жат, әдеп-ибамаызға қарсы, ар-намысымызға дақ түсіретін теріс жолмен жүруден шектеп, идеологиялық тәрбиені нығайтуымыз керек. Бұл бағытта қоғамда отбасы, ана, әже мектебінің жандануына басымдық бергеніміз жөн. Себебі дәстүрді дәрумен болған тәлім мектептерінің қазақ халқы үшін орны ерекше.

Гауһар АСҚАРҚЫЗЫ

**Рамазан оразасы исламның бес парызының бірі. Алла елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) «Ислам бес нәрсеге негізделген: «Аллаһ Тағаладан басқа тәңір жоқ, Мұхаммед (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) оның құлы, әрі елшісі», – деп куәлік ету, намаз оқу, зекет беру, қажылыққа бару және Рамазан айында ораза ұстау» – деген.**

**Рамазан айы кіргенде ораза тұту барлық мұсылмандар үшін парыз амал. Себебі Алла Тағала «Уа, мұминдер! Бұрынғыларға парыз етілгендей сендерге де ораза парыз етілді» – деп бақара сүресінің 183 аятында анық бұйырған.**

**Ораза – таң атқаннан кеш батқанға дейін ас пен судан, яғни ішіп-жеуден және жұбайымен жақындасудан Алла разылығы үшін тыйылу.**

**Оразада тек ішіп-жеуден ғана тыйылу жеткіліксіз, сонымен қатар дене-мүшелеріміз бен жүректерімізге ораза ұстау керек екендігін айтқан ғалымдар бар. Ислам ғұламасы имам Әл-Ғазали ораза мен ораза ұстаушылардың сатысы болатынын айтып, оларды үш топқа бөлген.**

## САУАБЫ ШЕКСІЗ ОРАЗА

**Қарапайым ораза**

Бұл – көпшілік мұсылман орындайтын ораза түрі. Бұл топтағылар оразаның мәні ішіп-жеу мен жыныстық байланысты тоқтату деп қана біледі. Алайда оразаның мақсаты адам бойына тақуалық пен адамгершілікті орнату екенін ұмытпаған жөн.

Пайғамбарға (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) «күндіз ораза ұстап, түнін намазбен өткізетін, бірақ көршісіне тілімен зиян келтіретін әйел туралы хабар жеткенде, Алла елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) ол әйел тозақ» – деп жауап берген. Бұл хадис ораза тек ішіп-жеу мен шауатты тежеуден ғана тұрмайтынын дәлелдейді.

**Ерекше ораза**

Қарапайым оразамен бірге тіл, қол, көз, құлақ сынды дене мүшелерімен де ораза

тұту. Тілі және дене мүшелерін күнәдан сақтаған мұсылманның сауабы қарапайым ораза ұстаушының сауабынан артық болады. Алла елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) «Нағыз мұсылман өзгеше тілімен де қолымен де зиян бермеген мұсылман» – деген. Осы хадисті жете түсінген момын мұсылман оразаның екінші сатысына өтіп, сауабы жойылып, босқа кеткен ораза ұстаушылардан болмайды.

**Бірегей ораза**

Қарапайым және ерекше оразамен қоса жүрек оразасын ұстау. Жүрек оразасы деген көреалмаушылық, екіжүзділік, тоқпарлық т.с.с жүрек ауруларынан аршылып, бар жан-тәнімен, ойымен Алламен бірге болу.

Әр мұсылман өзіне есеп беріп, оразаны қалай өткізіп жатқанына баса назар аудару керек. Оразаның жоғарғы сатысына ұмтылу

арқылы мол сауапқа жету әрбір мұсылманның мақсаты болуы тиіс.

Ораза тұту адам баласын екі өмірде де бақытқа бөлейтін ұлы құлшылық. Рамазан оразасының артықшылығына тоқталар болсақ:

**1. Ораза тұзақ отынан қалқан**

Жабір (р.а) жеткізген хадисте Алла елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) «Ораза калқан, онымен адам тозақ отынан қорғанды» – деген.

**2. Ораза жәннатқа апарар жол**

Пайғамбарымыз (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) «Жәннатта «Райхан» атты қақпа бар. Қиямет күні ол қақпадан ораза ұстағандардан өзге ешкім кірмейді. Қиямет күні: «Ораза ұстағандар қайда?», – деп жар салынады. Сонда ораза ұстағандар тұрып сол қақпадан кіреді. Олар кіріп болған соң, қақпа жабылып, оған басқа ешкім кірмейді» – деп ораза арқылы жәннатқа кірер жол табатынымызды айтқан.

**3. Оразаның сауабы еселеніс**

Алла тағала пенденің істеген құлшылықтарының ішінде тек оразаға қатысты: «Пенденің бұл құлшылығы Мен үшін», – делі. Бұл оразаның ерекше құрметке лайық құлшылық түрі екенін көрсетеді.

Алла елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) бір сөзінде: «Адам (ғ.с.) баласының барлық амалының сауабы онан жеті жүз есеге дейін еселеніп беріледі», – десе («Сахиһу Муслим»), екінші бір хадисінде: «Хак тағала айтады: «Адам (ғ.с.) баласының барлық амалы өзі үшін. Тек ораза Мен үшін. Оразаның қарымы мен беремін» – деген.

**4. Ораза екі өмірде қуанышқа бөлейді**

Алла елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) «Ораза ұстаушыға екі шаттық бар: Бірі – ауыз ашқанда қуанады. Екіншісі – Қияметте Раббшымен жүздескенде ораза ұстағанына қуанады», – деген.

**5. Ораза нәсі тәрбиесі**

Пайғамбар (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) «Ей жігіттер, сендердің қайсыларың үйленуге шамасы жетсе, үйленіңіз! Себебі үйлену көзді және әуретті сақтауға себеп болады. Енді кім үйленуге шамасы жетпесе, онда ораза ұстаңыз, ол оған қорған болады» – деп үйленуге шамасы келмеген жастарға ораза ұстау арқылы күнәдан алыс болып, нәпсісін тежеуді өсиет еткен.

**6. Ораза қияметте шапағатым**

Қияметте ораза ұстаған адамға оразасы шапағат етеді, яғни ауыр халде тұрған болса жағдайының жеңілдеуіне себеп болады. Имам Ахмад Абдулла ибн Амр ибн Астан риуаят етіп Алла елшісінің «Қиямет күні ораза мен Құран пендеге шапағат етіп, ораза: «Я, Раббым! Мен оны күндіз ішіп-жеуден тыйдым. Менің шапағатымды қабыл ет», – десе, Құран: «Я, Раббым! Мен оны түнде ұйқысынан айырдым. Менің шапағатымды қабыл ет», – дейді. Кейін олардың шапағаты қабыл етіледі» – дегенін жеткізген.

**7. Ораза күнәларды жоюды**

Адам баласы қателесуші сол қателескендердің ең жақсысы Алладан кешірім тілегендер. Алла адам баласының қуналарын түрлі себептермен кешіреді, соның бірі рамазан айының оразасы. Алла елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) «Рамазан айында шын иман келтіріп және сауабынан үміттеніп ораза ұстаған адамның бұрын істеген күнәлары кешіріледі» – деген.

Барша әлемдердің жаратушысы Алла Тағала тұтқан оразаларымызды қабыл етсін! Еліміз аман, халқымыз тыныш болсын!

**Берік СҮЛЕЙМЕНОВ,**

Қызылорда қалалық орталық «Нұр» мешітінің бас имамы

Меншік ісесі:

**СЫР  
МЕДИА**

жауапкершілігі  
шектеулі серіктестігі

Бас директорының міндетін атқарушы  
**Марат АРАЛБАЕВ**

Қызылорда қалалық «Ақмешіт  
апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор  
**Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА**

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)  
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)  
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)  
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)  
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тірлеу куәлігі №17657-Г.  
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.  
Аптасына 2 рет, сәйкесі, сенбі күндері шығады.  
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖПС сенімгерлі басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68  
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.  
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4А.

Таралымы 29 Тапсырыс №506

Нөмірдің кезекші редакторы Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА